

**«Тараз инновациялық
көпсалалы колледжі»
мекемесінің**

ЖАРҒЫСЫ



УСТАВ

**учреждения
«Таразский инновационный
многопрофильный колледж»**

«Бекітілді»
«Тараз инновациялық көпсалалы колледжі»
мекемесі Құрылтайшылар
Кеңесінің шешімімен
2017 жылғы «27» сәуір
№-1 Хаттама

**«Тараз инновациялық көпсалалы колледжі»
мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

1. «Тараз инновациялық көпсалалы колледжі» мекемесі, әрі қарай мәтін бойынша «Колледж», Құрылтайшылар Кеңесінің шешімі негізінде 2017 жылғы «27» сәуірдегі №-1 Хаттамасы.

2. Колледждің Құрылтайшылары (меншік иесі) төмендегілер болып табылады:

1. Саурыков Ерболат Байузакович
2. Аширбеков Санат Сагинбекович
3. Ким Максим Юрьевич

әрі қарай «Құрылтайшылар».

3. Уәкілетті органы (білім беру мекемесін мемлекеттік басқару органы) – Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасы болып табылады, әрі қарай «Уәкілетті органы».

4. Колледж өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңдарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 130 Қаулысын, «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 18 наурыздағы N125 бұйрығын, Қазақстан Республикасының білім саласындағы орталық атқарушы органының шешімін, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

5. Колледж оралымды басқару құқығы негізінде құрылды және жеке меншік субъектісі ретінде, меншік иесі өкілеттік берген жергілікті атқару органдарының қарамағында болады.

6. Колледждің ұйымдастыру-құқықтық формасы – жеке мекеме, мекеменің типі - оралымды басқару құқығы негізіндегі жеке мекеме, түрі – Колледж, техникалық және кәсіптік білімді ұйымдастыру ұйымы.

7. Колледждің атауы:

Мемлекеттік тілде: «Тараз инновациялық көпсалалы колледжі» мекемесі (қысқаша аталымы ТИКК) ;

Орыс тілінде: Учреждения «Таразский инновационный многопрофильный колледж» (сокращенное название ТИМК);

8. Колледждің филиалдарын құру Құрылтайшылардың келісімімен іске асырылады.

9. Колледж заңды тұлға болып табылады, өзінің дөңгелек мөрі, танбасы, банктерде есеп айырысу және басқа шоттары, дербес балансы болады.

10. Колледждің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Рысбек батыр көшесі 13 «Б».

2. Колледждің қызметінің мәні мен мақсаттары

11. Колледждің қызметінің мақсаттары - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес техникалық және кәсіптік білімнің кәсіптік

оқу бағдарламаларын іске асыру.

12. Колледж жүзеге асыратын білім беру бағдарламалары:

1) техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламалары;

2) қосымша кәсіптік бағдарламалары, соның ішінде ақылы (жеке, курстық оқыту, мамандық бойынша қайта даярлау және білімін жетілдіру).

13. Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламасы, барлық қалған білім бағдарламалары оған бағытталған Колледждің жұмысы үшін базалық болып табылады. Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтарының тізбесі облыс, қала, аудан сұранысын ескере отырып Құрылтайшылармен анықталады.

14. Колледждің міндеттері:

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) білім алушылармен кәсіби бағдарлану жұмыстарын қамтамасыз ету;

3) теориялық оқыту, өндірісте оқыту және еңбек нарығының қажеттіліктері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және әркімге білімге негізделген өзінің жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін дамыту;

4) кәсіптік білім берудің қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттіліктеріне уақытында бейімделуіне ықпал ететін оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану;

5) техникалық және кәсіптік білім беру жөніндегі білім беру бағдарламалары мен өндірісті ықпалдастыру.

15. Колледж қызметінің мәні:

1) жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;

2) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

3) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, Республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

4) Отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен Республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік, орыс, шет тілдерін меңгеру;

5) педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

6) білім беру ұйымдарының еріктілігін, дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру;

7) қоғам мен экономиканың қажеттеріне жауап беретін білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі;

8) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттіліктеріне тез

бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларын модульдік және дуальдық оқыту жүйесін енгізу және тиімді пайдалану;

9) жалпы оқытудың, жұмыс орны бойынша оқытудың және еңбек нарығының қажеттері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және әркімге өзінің білімге негізделген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін дамыту;

10) білім алушылардың кәсіптік бағдарлануын қамтамасыз ету;

11) жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптестермен белсенді өзара іс-қимыл арқылы техникалық және кәсіптік білім берудің озық қарқынмен дамуын қамтамасыз ету болып табылады.

3. Колледж қызметінің функциялары

16. Колледж Қазақстан Республикасының заңнамасында, тиісті үлгідегі білім беру ұйымдарының қызметі туралы үлгілік ережелерімен белгіленген шектерде оқу және тәрбие үрдісін жүзеге асыруда, кадрларды іріктеу мен орналастыруда, ғылыми, қаржы-шаруашылық және өзге де қызметте дербес болады.

17. Колледж өз қызметін жария түрде жүзеге асырады, жұртшылықты оқу, ғылыми-зерттеу және қаржы қызметі туралы хабардар етеді.

18. Колледж қызметінің функциялары:

1) ішкі тәртіп ережелерін әзірлеу және бекіту;

2) жұмыстық оқу бағдарламалары мен жұмыстық оқу жоспарларын әзірлеу және бекіту;

3) егер заңда және қабылдаудың үлгілік ережесінде өзгешелік көзделмесе білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензияға сәйкес білім алушылардың контингентін қалыптастыру;

4) білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылауды, білім алушылардың аралық және қорытынды аттестаттауын, техникалық және қызмет ету еңбегіне байланысты кәсіп бойынша (мамандықтар бойынша) біліктілік беру.

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгілінген тәртіппен білім беру ұйымындағы қызметкерлерге лауазымдық айлық ақылар (ставкалар), қосымша ақылар және өзге де ынталандыратын төлемдер белгілеу

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кадрлардың біліктілігін арттыруды және оларды қайта даярлауды қамтамасыз ету;

7) Колледжді материалдық-техникалық қамтамасыз ету, жарақтандыру мен жабдықтау;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ақылы негізде тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) ұсыну;

9) жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгілінген тәртіппен қосымша қаржылық және материалдық қаражат көздерін тарту;

10) білім алушыларды тамақпен және медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау мен нығайтуды қамтамасыз ету;

11) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша жеңілдіктер, материалдық қамсыздандыру түрлерінің уақытылы берілуін қамтамасыз ету;

12) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді ұстау және олардың тіршілік ету жағдайларының белгіленген нормалардан төмен болмауын қамтамасыз ету;

13) қоғамдық өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің қызметіне жәрдемдесу;

14) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қаржылық есептілікті табыс ету.

19. Осы Жарғыда қарастырылмаған іс-шаралардың жүзеге асырылуы арнайы Құрылтайшылардың келісімімен іске асады.

4. Білім беру үрдісінің мақсаты, жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының тізімі

20. Колледждің мақсаты – білім алушылардың орта арнайы кәсіби білім алу негізінде білікті тұлғасын құру.

21. Колледж білім беру қызметін іске асырады:

- 1) техникалық және кәсіптік білім берудің оқу бағдарламаларын;
- 2) қосымша техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын, соның ішінде ақылы.

5. Білім алушыларды оқуға қабылдау және шығару тәртібі

22. Колледжге оқуға қабылдау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Азаматты оқуға қабылдау кезінде, Колледж оны (немесе) ата-анасын немесе өзге де заңды өкілдерін Колледждің Жарғысымен, білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензиясымен, қабылдау тәртібін және оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды реттейтін басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті. Колледжге оқуға қабылданған кезде Колледж бен білім алушылардың немесе олардың ата-аналары (оларды алмастырушылар) арасында Колледжде білімгерлерді қадағалау, басқа да шарттарды анықтайтын келісім жасалады. Қабылдау тәртібі тиісті үлгідегі оқу орнының қабылдау ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

23. Қабылдау азаматтардың жазбаша өтініші негізінде жүзеге асырылады, оған қоса білімі туралы құжаттың түпнұсқасын, № 086-У нысаны бойынша медициналық анықтаманы флюорография суретімен (I және II топтағы мүгедектер мен бала жасынан мүгедектер үшін медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысы), 3x4 көлемдегі 4 суретті қоса тапсырады.

24. Колледжге негізгі орта (жалпы негізгі), жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі, жоғары (кәсіптік жоғары) білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар қабылданады.

25. Колледжге түсу емтихандары түсушілердің өтінішіне сәйкес қазақ немесе орыс тілдерінде өткізіледі.

26. Кешенді тестілеу сертификатын (жоғары оқу орындарына түсу үшін ағымдағы жылы кешенді тестілеуге қатысқан өткен жылдар түлектері) немесе ұлттық бірыңғай тестілеу ары қарай – ҰБТ) нәтижелері туралы сертификатын тапсырған (ағымдағы жылы ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан бітірушілер) тұлғалар түсу емтихандарынан босатылады және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 130 Қаулысымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың қағидаларының 15-тармағында көрсетілген шарттарға сәйкес конкурсқа жіберіледі. Колледжге білім алуға азаматтарды қабылдау конкурстық негізде, азаматтардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады.

27. Конкурс ҰБТ сертификаттарының баллдары негізінде, Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнына түсу үшін кешенді тестілеу нысанында өткізілген түсу емтихандарының нәтижелері бойынша берілген сертификаттар баллдары негізінде, пәндер бойынша немесе білім беру ұйымдары жүргізген тестілеу нысаны бойынша түсу емтихандарының нәтижелері бойынша алынған баллдар (бағалар) негізінде жүргізіледі.

28. Мемлекеттік біліктілік емтихандардан ойдағыдай өткен бітірушілерге олардың алған білімінің дәрежесіне сәйкес білімі туралы мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі, алған білімінің дәрежесіне сәйкес бағалары көрсетілген және Колледждің мөрі қойылған, анықтама беріледі.

29. Колледж белгіленген тәртіпте, қосымша кәсіптік білім беру бағдарламаларын, сонымен қатар басқа да қысқартылған мерзімде кәсіптік білім беру курстары мен бағдарламаларды ойдағыдай меңгерген білім алушыларға белгіленген үлгідегі куәлік беріледі.

30. Білім алушыны оқудан шығару мына жағдайларда жүргізіледі:

- 1) өз еркімен Колледжбен келісімін бұзғанда;
- 2) білім алушының үлгермегенінде, тәртіптік және осы Жарғы ережелерін бірнеше қайтара бұзғанда;
- 3) білім алушы басқа білім мекемесіне ауысқанда;
- 4) заңнамада көрсетілген өзге жағдайларда.

6. Білім беру процесін ұйымдастыру (оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілі (тілдері), білім алушылардың, тәрбиеленушілердің сабақ режимі), білімді ағымдағы бақылау, білім алушыларды аралық аттестаттау жүйесі, оларды өткізудің нысандары мен тәртібі

31. Колледжде оқу қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі.

32. Колледж Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы анықталған шекте оқыту мен тәрбиелеу нысандарын, құралдары мен әдістерін өз қалауынша таңдап алады.

33. Колледждің қызметі мемлекеттік стандарттарға, Қазақстан Республикасының Министрлігімен бекітілген оқу жоспарларына және бағдарламаларына, сондай-ақ мемлекеттік білім стандарты негізінде Колледждің өзімен дайындалған және бекітілген жоспарлар мен бағдарламаларға сәйкес жүзеге асырылады.

34. Колледжде белгіленген тәртіп бойынша, қолданыстағы заңнамаға қайшы келмейтін ақылы қосымша білім беру және өзге қызметтер көрсету (жұмыстар) ұйымдастырылады.

35. Техникалық және кәсіптік білім берілетін білім беру бағдарламаларын меңгеру білім алушыларды міндетті мемлекеттік қорытынды аттестаттаумен:

- 1) Колледжде білім алушыларды қорытынды аттестаттау;
- 2) кәсіптік даярлығының деңгейін бағалаумен және біліктілік берумен аяқталады.

36. Колледждегі тәртіп білім алушылар мен педагогтардың өзара адамгершілік, бірін-бірі құрметтеу негізінде сақталады. Білім алушыларға қатысты күш көрсету, моральдық және психологиялық қысым жасау әдістерін қолдануға жол берілмейді.

37. Кәмелетке толмаған білім алушылардың ата-аналарына және өзге де заңды өкілдеріне білім беру процесінің барысымен және мазмұнымен, сондай-ақ білім алушыларды үлгерім бағаларымен танысуға мүмкіндік жасау қамтамасыз етілуі тиіс.

38. Колледждегі тәрбие бағдарламалары білім беру бағдарламаларының құрамдас бөлігі болып табылады және білім алушылардың, тәрбиеленушілердің ел жандылық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық және адамгершілік сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты ынта-ықыласы мен қабілеттерін дамытуға бағытталуға тиіс.

39. Колледжде нәсілдік, ұлттық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен айырықшылықты насихаттауға, милитаристік және де халықаралық құқық пен ізгіліктің жалпы танылған принциптеріне қайшы келетін өзге идеяларды таратуға тиым салынады.

40. Әскерге шақырылуға дейінгі және шақырылу жасындағы білім алушыларға алғашқы әскери дайындық негізгі орта білім беру базасында жүргізіледі.

41. Техникалық және кәсіптік білім техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында негізгі жалпы білім беру, орта жалпы білім беру базасында алынып, жалпы орта білім алумен

ұштастырылады және ол еңбек қызметінің түрлі бағыттары бойынша білікті еңбек қызметкерлерін (жұмысшыларды, қызметкерлерді) даярлауға бағытталған.

42. Нақты мамандық бойынша білім беру бағдармаларының мазмұны, оларды игеру мерзімдері мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес ұйымдар әзірлейтін оқу-жұмыс жоспарларымен және бағдармаларымен айқындалады.

Колледжде оқыту мынадай нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін: күндізгі, сырттай және қашықтықтан оқыту.

43. Техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік білім беру бағдармалары шегінде алынатын кәсіптік білімнің бейіні ескеріле отырып, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарты іске асырылады.

44. Колледждегі педагогикалық және ғылыми-педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру кемінде бес жылда бір рет жүзеге асырылады.

45. Білім беру бағдарламаларына сәйкес Колледж кәсіптік бағытталған сыныптар мен топтардан тұрады. Колледждің құрамында әкімшілік басқару және басқа бөлімшелер, сонымен қатар кабинеттер, зертханалар, шеберханалар, залдар, кітапханалар, асханалар болады.

46. Қазақ тілі мен шет тілі, өндірістік білім алу сабақтарын өткізген кезде топтың білім алушылар саны 25 болғанда, екі шағын топқа бөлінеді.

47. Білім алушылардың білімін тереңдетуге және қызығушылық бейімділігін жетілдіруге мүмкіндік беретін Колледждің барлық сатыларында үйірмелер, арнаулы курстар жұмыс істейді.

Колледждегі тәрбие жұмысы рухани және мәдени деңгейді көтеретін халықтық педагогикалық дәстүрге, педагогтар мен білім алушылардың ерікті, әрі ынтымақтастық қағидаларына негізделеді.

48. Колледжде білім беру процесін ұйымдастыру жылдық оқу жоспары негізінде жүргізіледі, әрі оқу процесінің графигі және сабақ кестесімен шектеледі. Сабақ кестесінде күн сайынғы сабақ саны, мерзімі мен ұзақтығы және жүйелілік реті көрсетіледі.

49. Оқу жүктемелері, білім саласындағы орталық органдарымен белгіленген мемлекеттік нормалар мен стандарттарға сәйкес, денсаулық сақтау органдарының ұсыныстарын ескере отырып оқу жылына бөлінеді.

50. Колледж білім алушыларды қажетті оқу құралдарымен қамтамасыз етеді, оқу мен еңбек етудің қауіпсіз болуы үшін жағдайлар жасайды.

51. Оқу 1 қыркүйекте басталады. Оқу жылының ұзақтығы оқу жоспарларымен анықталады. Білім алушыларға толық оқу жылында кемінде екі рет, жылына жалпы ұзақтығы 11 аптадан көп емес, оның ішінде қысқы мерзімде 2 аптадан кем емес демалыстар белгіленеді.

52. Сараланған бағамен өткізілетін сынақтар ("үздік", "жақсы", "қанағаттанарлық" және "қанағаттанарлықсыз") курстық жобалар (жұмыс), кәсіптік тәжірибе бойынша, сондай-ақ тізбесі оқу жұмыс жоспарына сәйкес айқындалатын арнайы пәндер бойынша жүргізіледі. Білім алушылар техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылаудан, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттаудан өткізу ережесімен сәйкес аттестатталады.

53. Аралық аттестаттау қорытындылары бойынша үшеуден артық қанағаттанарлықсыз деген баға алған білім алушылар педагогикалық Кеңестің шешімі бойынша, Колледж басшысының бұйрығымен оған белгіленген үлгіде анықтама беріліп, Колледжден шығарылады.

54. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау:

- 1) Колледжде білім алушыларды қорытынды мемлекеттік аттестаттауды;
- 2) кәсіби даярлығының деңгейін бағалауды және біліктілікті беруді қамтиды.

Қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу үшін Колледж басшысының бұйрығымен арнайы пәндер мен өндірістік оқыту жөніндегі аттестаттау комиссиясы (бұдан әрі - комиссия) құрылады.

Комиссия төрағасы (төрайымы) тиісті өндіріс саласының жоғары білікті мамандарының арасынан білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдардың және Құрылтайшылардың келісімімен (3 мәртеден көп емес) бекітіледі.

Комиссия төрағасының (төрайымының) орынбасары техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшылары, комиссия мүшелері - Колледждің жоғары білікті мамандары, бөлімшелердің өндірістік шеберлері, арнайы пәндер оқытушылары, өндірістік оқыту шеберлері, еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігін сақтау (электр қауіпсіздігін сақтау) жөніндегі органдарының өкілдері арасынан тағайындалады.

Комиссия қорытынды аттестаттауды өткізу кезеңінде қорытынды аттестаттауды өткізуге бір ай қалғанда құрылады.

55. Колледж әрбір білім деңгейі үшін мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білу мен дамытуды, сондай-ақ орыс тілін және бір шетел тілін оқып-үйренуді қамтамасыз етеді.

56. Білім алушылардың кәсіптік тәжірибесі мамандар мен жұмысшылар даярлаудың бір бөлігі болып табылады, ол тәжірибе базасы болып табылатын тиісті ұйымдарда жүргізіледі және білім беру ұйымдарындағы оқыту процесінде алған білімді бекітуге тәжірибелік дағдылар алу, озық тәжірибені меңгеруге бағытталған.

57. Кәсіптік тәжірибенің түрлері, мерзімі мен мазмұны білім берудің мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандартының талаптарына сәйкес жұмыстық оқу жоспарларымен және бағдарламаларымен белгіленеді.

58. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы «Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидаларын бекіту туралы» №107 бұйрығына сәйкес Колледж кәсіптік тәжірибені өткізу үшін шарттық негізде тәжірибе базасы ретіндегі ұйымдарды анықтайды, олармен келісілген тәжірибені өткізудің бағдарламаларын және күнтізбелік кестесін бекітеді. Шарттарда Колледждің, тәжірибе базасы болып табылатын ұйымдардың және білім алушылардың міндеттері белгіленеді.

59. Кәсіптік тәжірибеге жұмсалатын шығындарды Колледж бен тәжірибе базасы болып табылатын ұйымдар қарастырады. Бұл шығындардың мөлшері жасалған шарттарда белгіленеді.

7. Ақылы білім беру қызметін көрсету тәртібі және тізімі

60. Колледж ақылы білім беру қызметін көрсетуге құқылы.

Ақылы білім беру қызметін көрсетулерге:

1) қосымша білім беру бағдарламаларын (балалар және жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімдері мен қызығушылықтарды дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру) іске асыру;

2) оқу жоспары мен бағдарламалар бойынша бөлінген оқу уақытынан тыс пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша жекеленген білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру;

3) пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша білім алушылармен ғылым негіздерін тереңдетіп оқып үйренуді ұйымдастыру;

4) әр түрлі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу: білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагог қызметкерлер мен ересек жұртшылық арасында спорт жарыстарын, семинарлар, кенестер, конференциялар, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу мен өткізу;

5) кәсіптік оқытуды ұйымдастыру (техникалық және қызмет көрсетуші еңбек мамандарын қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру).

61. Колледж қосымша білім беру қызметін (соның ішінде ақылы) білім алушылар тарапынан еркіндік принципіне жүргізеді.

62. Ұжымды және жеке сабақтарда оқытылатын білім алушылардың ата-аналарымен (занды өкілдерімен) келісім-шарт ақылы білім беру қызметінің негізі болып табылады.

63. Колледж берілетін қосымша ақылы білім беру қызметінің сапасына дербес жауап береді.

64. Қосымша ақылы қызмет көрсетуге қатыстырылған педогогтік қызметкерлердің ақысы Қазақстан Республикасының салық заңнамасын сақтай отырып, шаруашылық есеп негізінде жасалынады.

65. Қосымша білім беру қызметін Кәсіпорын негізгі оқу процесінен тыс кезде (сабақтан кейінгі уақыт, демалыс) жүргізеді.

66. Қосымша ақылы білім беру қызметінің шарттары және басқа да сұрақтары Қазақстан Республикасының Еңбек туралы кодексімен, «Білім туралы», «Лицензиялау туралы» Заңдарымен реттеледі, ерекше сәттері жақтар арасындағы Келісім-шартта аталып көрсетіледі.

8. Колледж бен білім алушылардың және (немесе) олардың ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің қатынастарын реттеу

67. Білім алушылар, педагог қызметкерлер және білім алушылардың ата-аналары (оларды алмастыратын тұлғалар) Колледждің білім беру үрдісінің қатысушылары болып табылады.

Азаматты Колледжге оқуға қабылдау кезінде Колледж оны және (немесе) оның ата-анасын немесе өзге де заңды өкілдерін Колледждің Жарғысымен, білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензиямен, қабылдау тәртібін және оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды регламенттейтін басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті.

68. Білім алушылар құқылы:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

2) білім беру ұйымы Кеңесінің шешімі бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары шеңберінде жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқуға;

3) оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстарды таңдауға;

4) өзінің бейімділігі мен қажеттеріне қарай қосымша білім беру қызметтерін, білімдерді ақылы негізде алуға;

5) Колледжді басқаруға қатысуға;

6) қайта қабылдануға және бір оқу орнынан басқасына, бір мамандықтан басқасына, ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға немесе оқудың бір нысанынан басқасына ауысуға;

7) Колледжде білім алушылар ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етіледі;

8) спорт, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыныптарын және кітапхананы тегін пайдалануға;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты жұмыспен қамту саласындағы жағдай туралы ақпарат алуға;

10) өзінің пікірі мен сенімін еркін білдіруге;

11) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;

12) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға;

13) жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүруге;

14) оқудан бос уақытта оқуды жұмыспен ұштастыруға;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әскери қызметке шақырылу мерзімін кейінге қалдыруға құқығы бар.

69. Білім алушыларды оқу процесінен алаңдатуға жол берілмейді. Колледжде білім алушыларды олардың келісімінсіз жалпы білім бағдарламалары, оқу жоспарында көрсетілмеген жұмыстарға қатыстыруға, қоғамдық, қоғамдық саяси, діни ұйымдарға, партиялар мен қозғалыстарға зорлықпен кіргізуге, сондай-ақ осы ұйымдардың қызметіне қатысуға итермелеуге, үгіт-насихат компаниялары мен саяси акцияларға тартуға рұқсат етілмейді.

Кәсіпорын қоғамдық білім беру мен діни білім берудегі ара қашықтық принципі сақтауға міндетті.

70. Білім алушылар міндетті:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, шеберлікті, практикалық дағдылар мен біліктілікті меңгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, Колледж Жарғысында және білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген басқа да талаптарды орындауға;

2) өздерінің денсаулығы үшін қам жеуге, рухани және тән саулығын өздігінен жетілдіруге ұмтылуға;

3) Колледжде белгіленген киім үлгісін сақтауға;

4) педагог қызметкердің ар-намысы мен қадір-қасиетін, өздері білім алатын оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге міндетті.

71. Білім алушылардың міндеттерін бұзғаны үшін оларға тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін.

72. Колледжде оқу-тәрбие процесі білім алушылардың денсаулық жағдайын ескере отырып жүзеге асырылады. Колледжде білім алушылардың ауыруына жол бермеу, денсаулығын нығайту, дене бітімін жетілдіру, салауатты өмір салтын ынталандыру жөніндегі қажетті шаралардың орындалуы қамтамасыз етіледі.

73. Білім алушылардың оқу жүктемесі, оқу тәртібі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, оқу жоспарлары мен денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсыныстары негізінде әзірленген Колледждің бекітілген ережелерімен айқындалады.

74. Денсаулық сақтау жүйесінің ұйымдары білім алушылардың денсаулығына үнемі бақылау жасауды, оларға медициналық қызмет көрсетуді жүзеге асырады. Колледж емдеу бөлмелеріне орындар береді.

75. Колледждегі сабақ кестесі білім алушылардың тамақтануы мен белсенді демалысы үшін ұзақтығы жеткілікті үзіліс жасалуын көздеуге тиіс.

76. Колледжде оқудың, тәрбиелеудің, еңбек ету мен демалудың салауатты және қауіпсіз жағдайларын жасау үшін жауапкершілік олардың басшылары мен Құрылтайшыларына жүктеледі.

77. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің:

1) білім беру ұйымын баланың қалауын, жеке басының бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып таңдауға;

2) ата-аналар комитеттері арқылы Колледжді басқару органдарының жұмысына қатысуға;

3) Колледжден өз балаларының үлгерімі, тәртібі және оқу жағдайлары жөнінде ақпарат алуға;

89. Колледжде жалпы басшылықты Құрылтайшылар жүзеге асырады.

11. Құрылтайшылардың құзыреті, Колледждің құрылымы, басқару органдарын құру тәртібі, олардың құзыреті және қызметін ұйымдастыру тәртібі

қызметтен түскен қаржылар» ағымды шотына есептеледі.

88. Ақшаны білім беру және басқа да қызметтен түскен қаржылар Колледждің «Ақшаны қаржының басқарушысы болып табылады.

шараларды ескере отырып, тек қана жарғылық мақсатқа жұмсалыды. Колледждің басшысы аналар кеңесімен келісе отырып және Колледж басшысы бекіткен алдының бірінші кезектегі

87. Ақшаны қызметтен және басқа да қызметтен түсетін қаржылар міндетті түрде ата-мен табыстардың жеке сметасын құрайды.

Колледж жыл сайын, ақшаны қызметті жүзеге асырудан түсетін құралдар бойынша шығыстар 86. Қызметтің бағасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады.

уақытта кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырады. Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте, шетіде және оқу процесінен тыс

85. Колледждің жарғылық қызметін қаржылық қамтамасыз ету үшін Қазақстан тәртіпте Құрылтайшылармен жүзеге асырылады.

84. Колледждің қаржы шаруашылық қызметін тексеру және ревизиялау белгіленген 83. Колледж бухгалтерлік есеп жүргізеді және заңдарға сәйкес есеп береді.

меншікке жатады. 82. Колледж мүлкі, орган орамынды басқару құқығында тиесілі болады және жеке

3) Қазақстан Республикасының заңдарымен шек қойылмаған өзге көздер. 2) ақшаны қызмет көрсетуден түскен табыс;

қаражаттары; 1) мемлекеттік білім беру стандартының қамтамасыз етуге бөлінетін жерлікті бюджет

81. Колледж мүлкінің құрылу және оның қызметін қаржыландыру көздері: мүліктерден тұрады.

айналыс қаражатынан, сондай-ақ Колледждің бағасында құны көрсетілген басқа 80. Колледждің мүлкі орган мемлекет берген мүлкінен құрылады және негізгі қорлар

10. Колледжде Құрылтайшылар бекітін берген меншік объектілерінің пайдаланылу тәртібі, Колледждің өз қызмет процесінде сатып алған меншігін қалыптастыру тәртібі, Колледжді қаржыландыру көздері, олардың қызметін материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету

79. Колледж Жарғысына толықтырулар мен өзгертулер Құрылтайшылардың шешімімен енгізіледі.

9. Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар енгізу тәртібі

3) бағалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге міндетті.

2) Колледждің Жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға;

ой-өрісі мен дене күшін дамытуға, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

1) бағаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың

78. Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдері міндетті:

5) келісім шарт негізінде бағалардың қосымша қызметті пайдалануына құқы бар.

оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде кеңестік көмек алуға;

4) психологиялық-медициналық-психологиялық консультациялардан өз бағаларын

Құрылтайшылардың құзыры:

- 1) Колледжге мүлік бекітеді;
- 2) Колледж Жарғысын, оған өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді.
- 3) Колледжді ұстауға сметаны (шығындар жоспарын) бекітеді;
- 4) Колледжге берілген мүліктің тиімді пайдалануына және сақталуына бақылау жасайды;
- 5) Колледждің басшы органдарының құрылымын, құрылу тәртібін және өкілет мерзімін, Колледждің шешім қабылдау тәртібін анықтайды;
- 6) Колледждің басшысын тағайындау және босату негіздерін, құқықтарын, міндеттерін және жауаптылығын анықтайды;
- 7) Колледждің құрылымын және шекті штаттық санын бекітеді;
- 8) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;
- 9) өз өкілеттігі шегінде оқу-тәбиелеу үрдісі мазмұнының білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандарттары талаптарына сәйкестігін мерзімді тексеруді ұйымдастырады және жүргізеді;
- 10) педагог жұмысшыларды аттестациялауды жүргізеді және оларға біліктілік дәрежесін береді;

11) педагог жұмысшыларды еңбек шартпен жұмысқа қабылдайды;

12) заңнамамен бекітілген басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

90. Колледждің жоғарғы органы колледж Кеңесі болып табылады (ары қарай – Кеңес). Басшы басқаратын, уәкілеттік мерзімі 5 жылдан аспайтын сайланбалы Уәкілетті орган. Кеңесті мерзімінен бұрын қайта сайлау оның мүшелерінің жартысына жуығы талап етілуімен жүргізіледі. Кеңес шешімімен шығып кеткен адамдардың орнына жаңа мүшелер сайланады.

91. Кеңес қоғамдық алқалық басқару органы ретінде Колледжді басқарудың демократиялық формаларын дамыту, орта кәсіптік білімді білікті мамандарды дайындау мен тәрбиелеудің негізгі нәтижелеріне жету үшін оқытушылардың, қызметкерлердің, білімгерлердің, мекеменің күштерін біріктіру мақсатында құрылады.

92. Кеңес Колледждің өзін-өзі басқаруының жоғарғы органы болып табылады және ол өзінің жұмысын орта кәсіптік білім бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес әкімдікпен, қоғамдық өздігінен әрекет ететін, қоғамдық өзін-өзі басқару органдарымен тығыз байланыста жүргізеді.

93. Кеңестің құрамына әкімдік, педагогикалық ұжым, қызметкерлердің, білім алушылардың, олардың ата-аналарының, мамандар дайындалатын базалық кәсіпорындардың, еңбек ұжымдарының, ұйымдар мен мекемелердің, қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіреді.

94. Колледж Кеңесі:

1) орта кәсіптік білімді мамандарды дайындау, қайта дайындау және олардың біліктілігін көтеру бойынша шешімдерді орындаудың шараларын белгілейді және оларды жүзеге асыруды ұйымдастырады;

2) Колледждің дамуы мен оның оқу-материалдық базасын жетілдіру мәселелерін шешеді;

3) бүкіл ұжымның, жекелеген құрылымдық бөлімшелердің тиімді жұмыс істеуіне ықпал ететін шараларды әзірлеуге қатысады, әділеттік принципінің сақталуын қадағалайды;

4) Колледждің Жарғысын қабылдайды және оған қажетті өзгертулер енгізеді;

5) Колледждің жұмыс тәртібін, оқыту тілін, сонымен қатар білім алушылар, оқытушылар мен қызметкерлер үшін салауатты өмірдің қолайлы жағдайын қамтамасыз ететін оқу аптасының ұзақтығын бекітеді;

6) оқытудың өндіріспен байланысын, Колледждің мекемелер мен ұйымдармен өзара қарым-қатынасын бекіту, мамандарды өндірісте пайдалану мәселелерін шешуге қатысады және осы мәселелер бойынша ұсыныстар дайындайды;

7) Колледж қызметіне қатысты Кеңеске жолданған білім алушылардың, оқытушылардың, қызметкерлер мен басқа да адамдардың арыздарын қарайды және қажетті шешім шығарады.

95. Кеңесті бір мезгілде оның төрағасы болып табылатын Колледж басшысы басқарады. Колледж Кеңесінің 50% кем болмайтын құрамы осы ұжымның жалпы жиналысында ашық немесе жабық дауыс беру арқылы сайланады. Кеңестің дербес құрамын басшы бекітеді.

96. Кеңес шешімі басшы бекіткеннен кейін күшіне енеді. Кеңестің жұмыс тәртібі басшы бұйрығымен бекітілген регламент бойынша анықталады.

97. Заңнамада белгіленген ескертулер болған жағдайлардан басқа кездердің барлығында Колледж басшысы лауазымына Құрылтайшылар тағайындайды және босатады.

98. Колледждің басшысы Колледж қызметін ұйымдастырады және басқарады, Уәкілетті органға тікелей бағынады (заңнамамен басқаша бекітілмесе), және Колледжге жүктелген тапсырманың орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауап береді.

99. Колледждің басшысы жеке бастамашылық принципінде әрекет етеді және осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған құзыры шегінде Колледж қызметінің мәселелерін өз еркінше шешеді.

100. Колледж қызметін атқару жолында басшы белгіленген тәртіпте:

- 1) Колледж атынан сенімхатсыз іс-әрекеттер жүргізеді;
- 2) Колледж мүдделерін барлық органдарда ұсынады;
- 3) Колледж қызметін оралымды басқаруды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;
- 4) оқу-тәрбиелеу үрдісін жоспарлайды және ұйымдастырады, оның барысын және нәтижесін бақылауды жүзеге асырады, Колледж жұмысының сапасына және тиімділігіне жауап береді;

- 5) заңдарда көзделген жағдайлар мен шеңберде мүлікке билік етеді;

- 6) шарттар жасайды, сонымен бірге ұжымдық, жеке шарттар;

- 7) сенімхаттар береді;

- 8) Колледждің іс-сапарлар, сынау мерзімін өткізу, Қазақстан және шет ел орталықтарында қызметкерлерін оқыту және басқа түрінде біліктілігін арттыру туралы тәртіп пен жоспарларын бекітеді;

- 9) банктік және өзге де қаржылық құжаттарға қол қояды, сенімхаттар береді және мәмілелер жасайды;

- 10) барлық қызметкерлерге міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

- 11) Колледж жұмыскерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан шығарады;

- 12) Колледж жұмыскерлерін марапаттау шараларын қабылдайды және тәртіптік жазаға тартады;

- 13) өзінің орынбасарының (орынбасарларының) және Колледждің басқа қызметкерлерінің өкілеттік шеңберін және міндеттерін белгілейді;

- 14) заңнамамен, осы Жарғымен оған жүктелген өзге қызметтерді атқарады.

101. Басшы Колледждің ұйымдық құрылымын, құрылымдық бөлімшелердің, қызметтердің, бөлімдердің, кабинеттердің, зертханалардың, орталықтардың құрамын анықтауға және осы Жарғы мен құрылымдық бөлімшелер туралы ережеге өзгерістер енгізуге құқылы.

102. Бас есепші және орынбасарлар басшы мен Құрылтайшылардың келісімі негізінде қызметке тағайындалады немесе босатылады.

103. Колледж негізгі жалпы, орта жалпы, бастауыш кәсіптік білім беретін құрылымдық бөлімдерді, сонымен қатар дайындық бөлімін құруға құқылы.

104. Колледждің құрылымдық бөлімдері туралы ережесі Уәкілетті органның нормативті-құқықтық актілері негізінде Кеңеспен бекітіледі.

105. Колледждің құрылымдық бөлімдерінің жетекшілері басшының бұйрығымен тағайындалады.

106. Тиісті лицензия (рұқсат) болған жағдайда колледжде жалпы, орта жалпы және кәсіптік білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл бағдарлама заңды тұлға құрмай-ақ жүзеге асуы мүмкін.

Бастауыш кәсіптік және орта кәсіптік білім беру білім бағдарламалары шеңберінде берілген кәсіптік білімнің нысанын ескере отырып, мемлекеттік жалпыға міндетті Қазақстан Республикасының білім стандарты бойынша беріледі.

